

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № А-5/79 қаулысы. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 мамырдағы № 1-17-135 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № А-3/63 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2011.03.18 № А-3/63 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттеме және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 23 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» қаулысына сәйкес, Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар, 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке: Астана қаласы, Көктал шағын ауданы, Бабатай-ұлы көшесі, 20 үй мекенжайы бойынша «Целиноград ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі шақырылуын ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын және 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жөніндегі ұсынылған кестені 2,3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Целиноград аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны аудандық әскерге шақыру пунктін қажетті құралдармен, медициналық және шаруашылық мүліктерімен қамтамасыз етсін.

4. Целиноград ауданы ауылдық округ әкімдері, ұйымдардың басшылары әскерге шақырушыларды жеке шақыру қағаздарында көрсетілген қажетті құжаттармен әскерге шақыру комиссиясына келуін қамтамасыз етсін.

5. Целиноград ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 мамырдағы № 86 «2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-17-89 тіркелген, аудандық «Призыв» -«Ұран» газеттерінде 2009 жылдың 26 маусымында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. Жанбаевқа жүктелсін.

7. Целиноград ауданы әкімдігінің осы қаулысы Целиноград ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Мыңжанов

Келісілді

«Ақмола облысы Целиноград ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі

бастығының міндетін атқарушы Н. Тұнғатаров

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Ақмола облысының Ішкі істер департаментінің Целиноград аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының

міндетін атқарушы

К. Байдильдин

Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы

**«Целиноград аудандық емханасы»
мемлекеттік коммуналдық қазынашылық
кәсіпорнының бас дәрігері В. Юрьева**

Целиноград ауданы әкімдігінің
2010 жылғы «30» сәуірдегі № А-5/79
қаулысына 1 қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Тұнғатаров Нұрмахан Нұрғазыұлы	«Ақмола облысы Целиноград ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бөлім бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Есмурзина Айгүл Серғазықызы	Целиноград ауданының ішкі саясат бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
комиссия мүшелері	
Каханов Айбек Мағауыұлы	«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Ақмола облысының Ішкі істер департаментінің Целиноград аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша);
Шоқанова Жұмабике Құсайынқызы	Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Целиноград аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының терапевт - дәрігері, аға дәрігер (келісім бойынша);
Жанабаева Сәулеш Ғабдулманапқызы	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Целиноград аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны медициналық бикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Целиноград ауданы әкімдігінің
2010 жылғы «30» сәуірдегі № А-5/79
қаулысына 2 қосымша

2010 жылдың сәуір-маусымында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру кестесі

№ п/п	Ауылдық округ атаулары	Шақыруға жататындардың барлығы	15 04	16 04	19 04	20 04	21 04	22 04	23 04	26 04	27 04	28 04	29 04	30 04	05 05
1	Қоянды	20								10				10	
2	Воздвижен	20							20						

3	Қабанбай батыр	40				30						10			
4	Қараөткел	40		30								10			
5	Қосшы	30						20					10		
6	Краснояр	40			20							20			
7	Луговое	20								10				10	
8	Максимов	40		20							20				
9	Ақмол	40	25								15				
10	Мәншүк	20								10					10
11	Ново-ишимка	30					20								10
12	Оразак	30					20						10		
13	Приозерный	25	25												
14	Приречный	20			10									10	
15	Рахымжана Қошкарбаев	25						20						5	
16	Софиев	20				10							10		
17	Талапкер	20			10				10						
18	Шалқар	20								10					10
	Барлығы	500	50	50	40	40	40	40	30	40	35	40	30	35	30

Целиноград ауданы әкімдігінің

2010 жылғы «30» сәуірдегі № А-5/79

қаулысына 3 қосымша

1983-1992 жылы туған азаматтарды 2010 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

№ п/п	Ауылдық округтің аталуы	Шақыруға жататындардың барлығы	04 10	05 10	06 10	07 10	08 10	11 10	12 10	13 10	14 10	15 10	18 10	19 10	20 10	21 10	22 10
1	Қоянды	30									20			10			

2	Воздвижен	50								20							
3	Қабанбай батыр	80							30								
4	Қараөткел	90		30									40				
5	Қосшы	60	30									20					
6	Краснояр	90															
7	Луговое	30		20									10				
8	Максимов	80				30									40		
9	Ақмол	90			30									40			
10	Мәншүк	25							20								
11	Новоишим	70						30									30
12	Оразақ	60								30							
13	П р и - о з е р - ный	50	20									30					
14	Приречный	30				20									10		
15	Рахымжан Қошкар- баев	60									30						
16	Софиев	30					20									10	
17	Талапкер	45						20									20
18	Шалкар	30			20												
	Барлығы	1000	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50
25.10		26.10		27.10				28.10				29.10					
40												10					
								20									
												10					
								10									
				20													
5																	
				10													
		20										10					

		20		10
5				
				10
50	50	50	50	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК